



АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН МОДО-ҒА ДАЙЫНДЫҚ БОЙЫНША ЖАДНАМА

Тестке дайындалу және оны тапсыру кезеңі – оқушылар үшін үлкен психоэмоционалдық жүктеме түсетін уақыт. Бұл – қарқынды дайындық кезеңі, адам ағзасына түсетін физикалық және эмоционалдық жүктеме өте жоғары болады. Оқушылар күйзеліске ұшырайды. Ал күйзеліс – түрлі ауруларға және ағзаның тез қартаюына әкелетін фактор.

Әрине, үйде өтілген материалды қайталап, есептер шығарып, диктант жазып, үй тапсырмасының орындалуын бақылау қажет. Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары балаларға бұл тұрғыда көмектесе алады, себебі олар оқытылатын тақырыптарды біледі және қажет болған жағдайда мұғалімнен кеңес ала алады.

Ата-аналардың басты міндеті – балаға егер оқу жылы бойы сабақты уақытында орындап отырса, МОДО-ға дайындықта қиындық болмайтынын түсіндіру.

Ата-аналар балаға тексеру жұмысы кезінде уақытты дұрыс бөлуді үйрете алады. Ол үшін бала қарапайым үй тапсырмасын орындау кезінде де сағатты пайдаланып, уақытты бақылауға дағдылануы керек. Сондай-ақ ата-аналар балаға қиын тапсырманы уақытша қалдырып, алдымен оңайларын орындап, кейін қайта оралуға үйрете алады. Әрине, баланы жазған жұмысын міндетті түрде тексеруге дағдыландыру қажет.

Ата-аналар үшін баланың психикалық және эмоционалдық денсаулығын қолдау өте маңызды. Оған табысқа жететініне сенім ұялатып, дайындық және тест тапсыру барысында туындайтын барлық қиындықтарды бірге талқылау қажет. Ата-аналар әрдайым балалары үшін алаңдайды және олардың жетістігіне үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Келесі ережелерді сақтаңыз:

Балалардың бұл кезеңде ерекше сезімтал және уайымшыл болатынын ұмытпаңыз, оларға жағымды эмоциялар сыйлауға тырысыңыз. Ешқашан ұрыспаңыз, психологиялық қысым жасамаңыз, тіпті бала тестті сіз күткендей тапсырмаса да.

Бос уақытта бірге оның өміріндегі жақсы сәттерді еске түсіріңіз – мерекелерді, демалысты, саяхаттарды.

Баланың жігерін арттыратын болашақ жоспарларды құрыңыз: «Сен тестті жақсы тапсырасың – біз демалуға барамыз, қала сыртына шығамыз, саған жаңа джинсы сатып әпереміз» және т.б.